



ӨРЛЕУ

**Үздіксіз
білім жаршысы
Вести непрерывного
образования**



Республикалық ғылыми-әдістемелік ақпараттық журнал
Республиканский научно-методический информационный журнал

ӨРЛЕУ.
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ ЖАРШЫСЫ
ӨРЛЕУ.
ВЕСТИ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

№4(43)/2023

қазан-қараша-желтоқсан

2013 жылдан бастап шығады

Жылына 4 рет шығады

октябрь-ноябрь-декабрь

Издается с 2013 года

Выходит 4 раза в год

Меншік иесі – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша кәсіби даму институты
Собственник – Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт профессионального развития по Карагандинской области

Бас редактор – Главный редактор

М.А. Жетписбаева, к. филол.н.

Жауапты хатшы – Ответственный секретарь

Кушнир М.П., к.п.н.

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Бахтикиреева У.М. доктор филол. наук, профессор (Россия)
Наурызбай Ж.Ж. доктор пед. наук, профессор
Сарыбеков М.Н. доктор пед. наук, профессор
Каргин С.Т. доктор пед. наук, профессор
Жетписбаева Б.А. доктор пед. наук, профессор
Кусаинов А.К. доктор пед. наук, профессор
Исламгулова С.К. доктор пед. наук, доцент
Моисеева Л.В. доктор пед.наук, профессор (Россия)

Басуға 28.12.2023 ж.

қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8.

Офсеттік қағазы.

Көлемі 3,0 б.т.

Подписано в печать

28.12.2023 г.

Формат 60x84 1/8.

Бумага офсетная.

Объем 3,0 п.л.

Беттеген:

А.А.Разбеков

Адрес редакции: 100019, г. Караганды, ул. Жанибекова, 42

Тел.: +7 7212 41-68-59; **факс:** +7 7212 41-70-10

Адрес сайта: <https://orleu-edu.kz/>

E-mail: karagandaipk@orleu-edu.kz

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен тіркелген
03.05.2013 ж. №13605-Ж мерзімді баспасөз басылымды тіркеуге қойылғаны туралы куәлік
Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан. Свидетельство о
постановке на учет периодического печатного издания №13605-Ж от 03.05.2013 г.

© Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»

Институт профессионального развития по Карагандинской области,

2013

МАЗМҰНЫ

<i>Тлеубай С.Т.</i> Саралап оқыту инклюзивтік білім берудің тиімді жолдарының бірі ретінде	3
<i>Саурова Г.А.</i> Қырғызстан үлгісі негізінде полимәдени және көптілді білім берудің біріктіруші рөлі	9
<i>Керімбай А.С.</i> Миофункциональды терапия – логопедиядағы жаңа перспективалық бағыт	13
<i>Zhetpisbaeva M.A., Yaganshina D.S.</i> Forming of basic listening and speaking skills in English at primary school	17
<i>Ибрагимова Г.К., Саттыбаева Р.М., Казтаев Р.К.</i> Лицейдегі техникалық білім берудің құрылымдық-мазмұнды моделі оқушылардың кәсіби бағдарының шарты ретінде	24
<i>Каргин С.Т.</i> Көптілді білім беру жағдайында мамандарды даярлау	33
<i>Ержолова Ж.А., Сакаева А.Н.</i> Инклюзивті білім беру жағдайында ПМПК әрекетінің кейбір аспектілері туралы	37
<i>Щеголева А.В.</i> Аудиториядан тыс жұмысы негізінде тіл мамандықтары студенттерінің шығармашылық әлуетін дамыту жұмыс жүйесі	41

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Тлеубай С.Т.</i> Дифференцированное обучение как один из эффективных путей инклюзивного образования	3
<i>Саурова Г.А.</i> Объединяющая роль поликультурного и многоязычного образования на примере Кыргызстана	9
<i>Керімбай А.С.</i> Миофункциональная терапия – новое перспективное направление логопедии	13
<i>Zhetpisbaeva M.A., Yaganshina D.S.</i> Forming of basic listening and speaking skills in English at primary school	17
<i>Ибрагимова Г.К., Саттыбаева Р.М., Казтаев Р.К.</i> Структурно-содержательная модель технического образования в лицее как условие профориентации учащихся	24
<i>Каргин С.Т.</i> Подготовка специалистов в условиях полиязычного образования	33
<i>Ержолова Ж.А., Сакаева А.Н.</i> О некоторых аспектах деятельности ПМПК в условиях развития инклюзивного образования	37
<i>Щеголева А.В.</i> Система работы по развитию творческого потенциала студентов языковых специальностей на основе внеаудиторной работы	41

Тлеубай С.Т.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ҚДИ
Қарағанды, Қазақстан Республикасы
stleubai@orleu-edu.kz

САРАЛАП ОҚЫТУ ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ

Аннотация

Көп жағдайда орта буын мен жоғарғы сыныптың пән мұғалімдері сабақ процесінде сенситивті тәсілдерге аса мән бере бермейтіндігі мәселесі анықталады. Бұл проблеманы шешу жолдардың бірі инклюзивті оқытуда сапалы табысқа жетуде саралап оқытуды қолдану, оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру; әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психолого-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені.

Түйін сөздер: инклюзивті оқыту, ерекше мұқтаждықтары бар балалар, саралап оқыту, деңгейлік тапсырмалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, спиральді білім беру бағдарламасы.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды сапалы біліммен қамту – қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Соңғы жылдары арнаулы білім жүйесінде инклюзивті балалардың білім алуға қолжетімділігін кеңейтуге оң өзгерістер жасалып жатыр. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізді, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген және 2023 жылдың 28 наурызында бекітілген ҚР-да мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-202 жылдарға арналған тұжырымдама бекітілген [1]. Бұл бағдарламалардың басты міндеттерінің бірі – еліміздегі инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады. Инклюзивті оқыту – ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Бұл оқытудың тиімділігі балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады және мүмкіндігі шектеулі баланың адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті

(франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру [2].

Инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Сондықтан барлық оқушының тең дәрежеде сапалы оқытумен қамтамасыз етілуін қанағаттандыру, инклюзивті білім беру үдерісінің басты міндеті. Сабақта балаларды топтық жұмыстар мен белсенді іс-әрекеттерге тарту барысында да жеке ерекшеліктерінің ескерілуі үнемі бақылауда болуы тиіс. Бір қарағанда, топтық жұмыс кезінде мұндай тәсілдерді қолданудың қажеті жоқ болып көрінуі мүмкін. Бірақ, мұғалімнің топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезіндегі қателіктерінің салдарынан бала тұйықталып қалуы ықтимал. Ондай жағдайда қайтадан ол баланы ортаға қосу мүмкіндігі қиындыққа ұласады. Көп жағдайда орта буын мен жоғарғы сыныптың пән мұғалімдері сабақ процесінде сенситивті тәсілдерге аса мән бере бермейді. Инклюзивті оқытуға жағдай жасалған мектептерде бұл мәселе негізгі шарттардың бірі. Бұл қиындықтан шығу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен психологын тарта отырып әрекет жасаған тиімді. Психологты сабақтарға қатыстыру арқылы фокусқа алынған балалардың жұмыстарын, сабақтағы мінез-құлқын, белсенділігін, көңіл-күй құбылысын т.б. зерделеу арқылы нені назарда ұстау керектігін, қандай ерекшелігіне мән беру қажеттігін анықтауға болады. Психологтардың баланың жазған жұмыстары мен суреттерін диагностикалау тәсілі арқылы жалпы қабілеті мен танымы, ішкі жан дүниесі туралы беретін сапалы мағлұматтары мұғалім үшін өте құнды дерек болып табылады және жеке тапсырмаларды іріктеуді жеңілдетеді. Әлеуметтік педагогпен бірге қарым-қатынас ортасын, сабақтан тыс уақыттағы қызығушылығын, ортаға деген көзқарасын т.б. зерттеулер жүргізу баланың сыныптағы орны мен өзіне деген сенімділігін бағалауға көмектеседі. Бұл мәліметтер арқылы баланы қандай жолмен топтық жұмысқа, әлеуметтік өзара әрекетке тартуға болатынын және жауапкершілігін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай мәліметтерге қанық мұғалім сабақ үстінде байқатпай, баланың ыңғайына қарай жұмысы өнімді болатын топқа бөлуді реттей алады. Бұл баланың өзін жайлы сезініп, еркін жұмыс жасауына бағытталған мақсатты әрекет болуы тиіс. Тәжірибелі мұғалімдердің сабағында балаларды топқа бөлу стратегияларын қолдану барысында бұл әрекет мүлдем байқалмайды және олар сол сәттегі орнаған ситуацияға байланысты өздігінен шешілген болып көрінеді.

Қазір инклюзивті білім беруге жағдай жасалған және арнайы сыныптар ашылып жатқан мектептердің саны артып келеді. Осындай аралық кезеңде кәсіби қауымдастық желісі арқылы тәжірибе алмасуды, келелі мәселелерді бірге талқылауды тиімді ұйымдастыруға болады.

Мұғалімдер әр баланың жеке ерекшеліктерін жете ескеріп, нақты әдіс- тәсілдер мен амалдарды таңдауды үйреніп, қысқа мерзімді жоспарлауына енгізе алатын болуы керек. Мұғалімнің бұл қадамы баланың құлшынысын арттырып, білім сапасына қол жеткізуіне кепілдік береді, ізденіске жетелейді. Жаңаша оқыту әдіс-тәсілдерінің ішінде баланың қызығушылығын оятатын тамаша амалдар топтамалары

бар. Жаңаша оқыту әдіс-тәсілдері әлеуметтік интеракция, кері байланыс, бірге оқып үйрену, бір-бірінен үйрену, өзара қолдау көрсету принциптеріне негізделген. Өзіне талап қоя алатын деңгейге жеткен бала, білімін керек арнаға бағыттап, қоғамдағы орнын табуға ұмтылады. Бұл мақсатқа жету үшін мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын кешенді бейімдеу қажет. Осы орайда инклюзивті оқытуда сапалы табысқа жетуде саралап оқытуды қолданудың орны ерекше болып отыр. Мұғалім саралауды қолданатын сыныпта барлық оқушылар өздерінің әр түрлі оқытынын түсінеді және бір бірінің оқу үдерісіне қосқан үлесін бағалауды үйренеді. Ал, бұл өз кезегінде мұғалімнің біліктілігі мен шеберлігін қажет ететін үрдіс.

Саралап оқыту дегеніміз: оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиеттері ескере отырып дайындалған, оқушылар тобына мұғалімнің оқу үдерісін ұйымдастыру нысаны; әртүрлі оқушылар тобы үшін арнайы оқу үдерісін қамтамасыз ететін дидактика жүйесінің бір бөлігі. Атап айтқанда «difference» – латын тілінен аударғанда бүтінді түрлі формаға, элементке, бөлшекке мүшелеп бөлу, саралау дегенді білдіреді. Ал, оқытуды саралау дегеніміз: оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру; әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психолого-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені. Сондықтан оқушыны саралап оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарланады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыс жүргізіледі. Оқушының алған білімін жүзеге асыралатыны тексеріледі. Өз бетімен жұмыс орындауға бейімділігі бақылауға алынады. Қорытындысында инклюзивті оқыту барысында зияткерлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып, шығармашылыққа ұмтылады. Саралап оқыту барысында біліктілікке жетеді.

Әр мұғалім бала бойындағы ерекшелікті ашуды өз сабағынан бастайды. Егер мұғалім күнделікті сабақта оқушыға шамасына қарай тапсырмаларын күрделендіре беріп, бағыт-бағдар көрсетіп отырса, оқушы бұл тапсырманы орындағанда оқулық материалдарымен шектеліп қана қоймай, өзінің бойындағы барлық қабілетін аша отырып, ойланып, ізденіп жауап береді. Кеңейтілген деңгейлік тапсырмалар беру арқылы – оқушының қабілетінің ең биік шегін, мәртебесі жоғары сұрақтар беру арқылы – оқушының ойлау қабілетін, сын тұрғысынан ойлау әдістері арқылы – салыстыру, саралау қабілетін, эссе жазу арқылы – оқушының іздену қабілетін, тест әдісін қолдана отырып оқушының есте сақтау қабілетінің деңгейін анықтауға болады. Олар өз бетімен жұмыс істеу, еңбексүйгіштік, төзімділік, жұмыс орындаудағы ұқыптылықпен ерекшеленіп, мұғалім мен ата-ана тарапынан бақылауды қажетсінбейді де, олардың бойында біртіндеп өзін-өзі бақылау мен бағалау дағдысы қалыптасады.

Инклюзивті оқыту барысында дарынды, қабілетті балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет, себебі дарынды адам, қабілетті адам басқаларға қарағанда көп пайда әкеледі. Әрбір баланың бойында ерекше таланты мен дарыны болатындықтан ол еңбекке, шығармашылық пен тапқырлыққа бейім болады.

Атақты неміс педагог-дефектологы П. Шуман айтқандай, баланың психикалық даму деңгейі төмен болған сайын, мұғалімнің білім деңгейі соғұрлым жоғары болуы керек. Берілген пікір инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін ерекше білімнің қажеттілігін айқындайды. Себебі, инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің позициясы өзгереді. Мұғалім өзінің автономдығын жоғалтып, арнайы педагогпен, психологпен, логопедпен, әлеуметтік педагогпен және ата-аналармен өзара тығыз әрекеттестікте жұмыс істейді.

Инклюзивті оқыту – адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға

мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

Осыған байланысты «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты 2012 жылдан бері, Үшінші (базалық) деңгей, «Тиімді оқыту мен оқу», Жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша жаңа мазмұндағы білім беру жүйесін мектептерге енгізу үшін аймақтағы мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында инклюзивті білім берудің тиімді жолдарын айтарлықтай сапалы ұйымдастыру арқылы өз үлестерін қосуда.

Курс барысында мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мазмұнын және мақсаттарын біліп түсінумен қатар, жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес инклюзивті оқытудың педагогикалық тәсілдерін, оқу материалдарын тиімді қолдану жолдарын меңгереді. Сонымен қатар, Бағдарламада білім беру саласындағы өзгерістердің шарттары мен алғышарттары және жалпы білім беруді реформалау жөніндегі кең ауқымды жұмыстарға қарай көшу түрін қарастырды. Бағдарламаны меңгеру барысында пән мұғалімдері әр оқу пәні бойынша мазмұндағы ұстанымдардың өзгерісін байқайды: сызықтық ұстаным спиральдік принципіне алмасуын, яғни білім мен біліктің бірте-бірте тігінен және көлденеңінен (сынып, тақырып бойынша дағдыларының күрделенуі) ұлғайтылуын қарастырып, яғни Джером Брунердің Спиральділік қағидатына негізделеді. Брунердің пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да жеңіл түсіне алады. Ол адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды: белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу), бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу), таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) [3, 12-13 б]. Бұл спиральді білім беру бағдарламасы тұжырымының дамуына себеп болған. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының басты ерекшеліктері: оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады. Оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады, спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді, оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады. Яғни, оқу материалын мазмұндау барысында аталмыш спиральді тәсілдеме қолданып, оның сабақтастығы, пәнішілік және пәнаралық интеграция қамтамасыз етіледі.

Бекітілген оқу жоспарына сәйкес, жаңартылған білім беру бағдарламасы, оның құрылымы, тиімді оқу үдерісін жүргізуге қажетті педагогикалық әдістемелермен және қолданылатын бағалау тетіктерімен жүйелі түрде таныстыруды қамтамасыз ету мақсатында бірнеше пәнде бірқатар ұқсас сабақтар бар. Мұғалімдер білім беру бағдарламасының нақты пәндік аспектілерін еркін меңгеруге кіріседі. Білім алушылар білім беру бағдарламасына негіз болған теориямен танысып қана қоймай, оны іс жүзінде іске асыруға қабілетті болуын қамтамасыз ету үшін оқыту тәжірибе жүзінде белсенді өтеді. Одан кейін бірнеше күн бойы мұғалімдер оқу бағдарламасы мен

сабақ жоспарын талдауға мүмкіндік алады. Пән бойынша сабақты жоспарлау барысында мұғалімдер ескерілуі тиіс көптеген мәселелерді қарастырады. Мысалы, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру жолдарын анықтау, оқушылардың дағдыларын дамытуға деген уәжін қолдап отыру, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудың зияткерлік әдістерін қолдану, қалыптастырушы және жиынтық бағалауды сабаққа енгізу мен тапсырма барысында саралауды жоспарлау. Мұғалімдерге сабақтарды тиімді жоспарлауға көмектесетін ақпарат, ұсыныс-болжамдар, кеңестер мұғалімге арналған нұсқаулықта келтірілген.

Біліктілікті арттыру курсының бір бөлімі ретінде мұғалімнің курс барысында қарастырылатын мәселелерді түсінуі, әдіс-тәсілдерді қолдануы бағамдалатын болады. Мұғалімдер бағамдалатын барлық аспектілер бойынша бір деңгейде болуы шарт емес. Курс барысында бағамдау қалай жүретіні түсіндіріліп, мұғалімге ол аспектілерді меңгеруге қолдау көрсетілетін болады. Мұғалімдер өзара рефлексия және метатану тапсырмаларын байланыстыра отырып, біліктілікті арттыру курсының оқу мақсаттары тұрғысынан өздерінің алға ілгерілеуін қарастырады. Аз уақыттағы біліктілікті арттыру курстарында мұғалімдер инклюзивті білім беру жүйесіндегі өзгерістерді түсініп, енгізуге дайынбыз деп өздерін бағамдағанымен, мазмұнды жаңарту аясындағы жаңа белестерді бағындыруда үлкен жауапкершілік қажет екенін түсінеді. Сондай-ақ оқу үрдісіндегі болып жатқан жаңалықтың өзі мұғалім қауымынан талап етіп отырған бетбұрыс, ол сындарлы оқытуға негіздеу. Соған байланысты Бағдарламада ең маңыздысы: жоғарыда айтылып кеткен пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуімен қатар Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы сабақ жоспарлау барысында пайдалана алуы, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі, пәндегі «академиялық тілді» ұстану, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру, оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастырылуы және білімді, шығармашыл, бәсекелік қабілеті мол тұлға тәрбиелеу. Курс соңында әр мұғалім жаңартылған бағдарлама бойынша мазмұн мен жүйелілікті, білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдана алатын нәтижелерге қол жеткізеді.

Инклюзивті білім беруде оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, мүмкіндігі шектеуле бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Сонда ғана шығармашыл, ізденімпаз ұстаз табысты болады, нәтижеге жетеді. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе жоғарыда көрсетілген тәсілдерді синтездейтін сабақтың негізгі әдістемелік аспектілерін ұсынуға болады. [4,5].

1. Оқудың мақсаты мен міндетін қоюға үйрету. Мақсаттарды қадам бойынша нақтылау, іске асыру және кері байланыс жасау.

2. Сабақ барысында сын тұрғысынан ойлауға жетелейтін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану. Жұмыс түрлері мен әдістерін ауыстыру.

3. Білім алу барысындағы ойлаудың басымдылығы. "Оқудағы бір қадам баланың дамуындағы он қадамға және оқудағы он қадам дамудағы бір қадамға әкелуі мүмкін" (Л. С. Выготский [6.]

4. Оқуда өз қиындықтарын білу арқылы оларды шешу тәсілдерін көрсете отырып, алға басуы. Әрбір оқушының білімді қалай, қай кезде меңгеруге және қабылдау жылдамдығына құқығы болуы тиіс. "Оқуға деген қызығушылық тек табысқа жетіп шабыт болғанда ғана пайда болады" (В. А. Сухомлинский).

5. Формативті бағалау. Оқуда жеткен жетістіктері мен оқушының бұрынғы жетістіктер деңгейін бағалаймыз. Өзін-өзі бағалауға және нәтижелерін жақсарту жолдарын үйретеміз.

6. Балалардың қарым-қатынастағы түрлі деңгейдегі латералық ойлауын қалыптастыру. Ойлау деңгейі әртүрлі балалардың топтық немесе жұптық жұмыстағы ынтымақтастық қарым-қатынаста әдіс-тәсілдермен бөлісуін қамтамасыз ету.

7. Сабақтың барлық кезеңінде эмоционалды көңіл-күйлерін қолдау. Қызықты мысалдарды, ассоциацияларды, сөздік және музыкалық ырғақтарды қолдану. "Егер балаға шамасы жететін тапсырма берілетін болса, онда мидың табиғи жұмысының қарқындылығы артып, оқудың аффективті-еріктік негізі" (Л. С. Выготский) пайда болады" (Т. В. Ахутина) [7].

8. Үздіксіз білім беруге ынталандырудың негізін қалаушы факторлар – оқушының белсенділігі мен дербестігінің басым болуы.

9. Оқушының жеке даму деңгейіне байланысты тапсырмаларды саралау.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы [Электрондық ресурс]. Қол жетімді режимі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

2. «Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования».- Париж: ЮНЕСКО, 2009.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. – Астана, 2016. – 12-13б.

4. Кузьмина Т.А. Нейропедагогический подход к обучению в начальной школе через исследовательскую деятельность учителя // Непрерывное образование: XXI век. – 2014. – № 3(7). – С. 1-9.

5. Мамерханова Ж.М. Стандарт среднего образования как условие реализации «зоны ближайшего» и достижения уровня «актуального развития» казахстанскими школьниками // Өрлеу. Үздіксіз білім жаршысы – Өрлеу. Вести непрерывного образования. – 2016. – №4(15). – С. 43-47.

6. Выготский Л.С. Мышление и речь. Психологические исследования. – М.: Издательство «Лабиринт», 1996. – С. 229-231.

7. Ахутина Т.В., Золотарева Э.В. О зрительно-пространственной дисграфии: нейропсихологический анализ и методы ее коррекции // Школа здоровья. – 1997. – № 3. – С. 38-42.

Саирова Г.А.

Центральноазиатская образовательная программа ВКНМ ОБСЕ
Бишкек, Кыргызская Республика
guka.sairova@gmail.com

ОБЪЕДИНЯЮЩАЯ РОЛЬ ПОЛИКУЛЬТУРНОГО И МНОГОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА ПРИМЕРЕ КЫРГЫЗСТАНА

Аннотация

В статье подчеркивается важность направленности образовательной политики на объединение посредством реализации мультикультурализма и дается краткий обзор развития поликультурного и многоязычного образования в Кыргызстане.

Ключевые слова: многообразие, поликультурное и многоязычное образование, интеграция, мультикультурность.

В эпоху глобализации многоязычие и мультикультурность уже не только неизбежны, но и являются необходимыми условиями роста и развития как на индивидуальном, так и на государственном уровне. Как и в любом вопросе, многое зависит от нашего собственного отношения к языковому и культурному многообразию.

Польско-американская писательница Ева Хоффман в своих мемуарах “Lost in translations: Life in a New Language” (1989) пишет о том, как эмигрировала из Польши в Ванкувер в возрасте 13 лет и испытала шок от столкновения с новым языком.

Судя по ее опыту, как и наверняка, опыту каждого, кто изучал какой-либо язык, восприятие слов на одном языке (том, который для человека является его первым, базовым) различается от восприятия перевода этого же слова на другом языке, вызывает совсем другие ассоциации.

И таким образом, “каждый язык видоизменяет другой язык, скрещивается с другим, обогащает его”. “Как и все, я – смесь языков, которыми обладаю”¹, – подытоживает она, и не согласиться с этим утверждением сложно.

Безусловно, знание языков и культуры открывает нам новые перспективы, расширяет мировоззрение, обогащает нас, и в конечном счете – формирует нас в тех, кем мы являемся.

Однако, “язык способен разделять людей с такой же легкостью, как и объединять”,² и к сожалению, сегодняшняя картина мира знает много примеров подобных манипуляций. Именно поэтому, невозможно говорить на тему многоязычия без признания языковой и культурной политики.³ И именно поэтому, образовательная политика любого государства должна стоять на страже этих вопросов, строить и развивать политику, направленную на культурное и языковое обогащение, ведущее к сплочению народов, проживающих на его территории, противостоять попыткам манипуляций на культурной, этнической и религиозной основе. На поощрение развития политики, признающей языковое и культурное

¹ Eva Hoffmann. Lost in translations: Life in a New Language, 1989

² Ana Menendez. Are we different people in different languages? On being a multilingual writer in the 21st century [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://lithub.com/are-we-different-people-in-different-languages/>

³ Ana Menendez. Are we different people in different languages? On being a multilingual writer in the 21st century [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://lithub.com/are-we-different-people-in-different-languages/>

многообразии направлены рекомендации Офиса Верховного Комиссара ОБСЕ по делам национальных меньшинств (ВКНМ ОБСЕ). Так, в Гаагских рекомендациях ВКНМ ОБСЕ, которым в 2016 году исполняется 20 лет со дня их принятия, отмечается, что «гражданское общество должно быть открытым и подвижным и, таким образом, быть в состоянии объединять всех граждан, включая представителей национальных меньшинств».⁴

Одним из основополагающих положений Гаагских рекомендаций ВКНМ ОБСЕ является то, что «право представителей национальных меньшинств на сохранение своей самобытности может быть полностью реализовано только в том случае, если они получают должное знание родного языка во время образовательного процесса. В то же время представители национальных меньшинств ответственны за интегрирование в общество своего государства. Такая интеграция требует приобретения должного знания как этого общества, так и государственного языка(ов). Стимулирование терпимости и плюрализма является также важной частью этого процесса».⁵

В Кыргызской Республике более последовательное развитие политики интеграции посредством развития многоязычного и поликультурного образования началось примерно с 2008 года, с принятия Концепции поликультурного и многоязычного образования в Кыргызской Республике, утвержденную Министерством образования и науки КР в апреле того же года. Теоретическую основу Концепции поликультурного и многоязычного образования составили ряд международных и национальных нормативно-правовых актов. В Концепции определена главная цель образования, направленная на формирование гражданина Кыргызской Республики, обладающего поликультурными компетенциями, которые обеспечивают ему достойную жизнь и успешную профессиональную деятельность в многообразной культурной среде.

Концепция разделяет взгляды Международной комиссии ЮНЕСКО о необходимости введения в классическую образовательную парадигму «учиться узнавать – учиться делать – учиться быть» нового элемента «*учиться жить вместе*».

Поликультурные компетенции подразумевают знания, умения и навыки позволяющие делать ценностный выбор, творчески решать нестандартные проблемы, взаимодействуя с миром и изменяя при этом себя и мир, а также знание информации исторического и культурного характера и навыки владения разными языками.⁶ Их принято рассматривать как неотъемлемую часть системы ключевых компетенций, которыми должен обладать современный человек, чтобы эффективно социализироваться в различных сферах поликультурного общества.⁷

Поликультурная компетентность складывается в результате формирования когнитивных, аффективных и поведенческих компетенций.⁸

⁴ Гаагские рекомендации о правах национальных меньшинств на образование. Офис Верховного Комиссара ОБСЕ по делам национальных меньшинств. Гаага, октябрь 1996

⁵ Гаагские рекомендации о правах национальных меньшинств на образование. Офис Верховного Комиссара ОБСЕ по делам национальных меньшинств. Гаага, октябрь 1996

⁶ Концепция поликультурного и многоязычного образования в Кыргызской Республике /Разработана и издана Министерством образования и науки Кыргызской Республики при поддержке Верховного Комиссара ОБСЕ по делам национальных меньшинств. – Бишкек, 2009

⁷ Глоссарий терминов рынка труда, разработки стандартов, образовательных программ и учебных планов. Европейский фонд образования (ЕФО), 1997

⁸ Концепция поликультурного и многоязычного образования в Кыргызской Республике /Разработана и издана Министерством образования и науки Кыргызской Республики при поддержке Верховного Комиссара ОБСЕ по делам национальных меньшинств. – Бишкек, 2009

Концепция заложила основы для дальнейшей разработки положений, учебно-методических руководств, стратегических документов, направленных на формирование поликультурной компетентности у учащихся. Сектор поликультурного образования Министерства образования и науки, который был создан при поддержке ВКНМ ОБСЕ в 2006 году, преобразованный позднее, в 2012 году в Координационный совет по развитию поликультурного и многоязычного образования, продолжает начатую работу. За это время, благодаря направленной политике и координации всех государственных органов, международных организаций и общественных местных фондов, принята нормативно-правовая база для развития поликультурного и многоязычного образования. К числу основополагающих из них относятся Национальная стратегия устойчивого развития Кыргызской Республики на 2013-2017 годы, Концепция укрепления и единства народа и межэтнических отношений в Кыргызской Республике, Стратегия развития образования на 2012-2020 годы, Национальная программа развития государственного языка и совершенствования языковой политики в Кыргызской Республике на 2014-2020 годы, Концепция и целевая программа поликультурного и многоязычного образования на 2008-2020 годы и другие.

Во всех этих документах подчеркивается важность овладения учащимися новых языковых и поликультурных компетенций, отвечающих требованиям времени. Так, в Стратегии развития образования на 2021-2028 годы отмечается, что одним из важнейших результатов образования будет компетентность выпускника «уважать культурное, этническое и политическое многообразие».

Начиная с 2010 года, при координирующей роли министерства образования и поддержке ВКНМ ОБСЕ, Фонда Сорос-Кыргызстан посредством развития ресурсного центра по вопросам многоязычного образования – Центра социальной интеграции и политики, и его последующей координации всех вовлеченных образовательных учреждений идет апробация моделей многоязычного образования. Поначалу, при поддержке ВКНМ ОБСЕ было задействовано 17 средних школ по всей стране, начиная с 2014 года, при поддержке данных моделей многоязычного образования со стороны Фонда Миростроительства ООН (ЮНИСЕФ), посредством реализации программы Управления Верховного Комиссара по правам человека (УВКПЧ) ООН «Единство в многообразии», подключились еще 36 школ, и на сегодняшний день, в 56 школах апробируются модели многоязычного образования. Кроме того, для соблюдения преемственности внедрения принципов поликультурного и многоязычного образования, в рамках ЮНИСЕФ поддержана апробация моделей многоязычного образования в 5 дошкольных учреждениях. Поскольку реформа образования требует наличия соответствующих педагогических кадров, два высших учебных заведения страны – Кыргызский Государственный Педагогический Университет имени Ишеналы Арабаева и Ошский Государственный Университет вошли в проект. В университетах созданы языковые лаборатории, а при Ошском Государственном Университете создан Институт повышения квалификации педагогов, работающий по вопросам переподготовки педагогов для программ многоязычного образования.

При поддержке программы УВКПЧ ООН «Единство в многообразии» в двух вузах страны – в Джалал-Абадском Государственном Университете и Баткенском Государственном Университете внедряются курсы по повышению толерантности и поликультурному воспитанию в рамках кураторских часов. В настоящее время идут консультации с Министерством образования и науки по внедрению данного курса в качестве обязательного по всей стране. Ранее, в 2012-2013 годы, при поддержке GIZ, курсы по поликультурному образованию прошли апробацию в 15 профессионально-технических колледжах страны. Позже, пилотирование

постепенно охватило и десяток других колледжей в рамках внеклассной деятельности.

Однако, наряду с достижениями, есть также и определенные трудности, с которыми сталкивается система образования во внедрении поликультурного и многоязычного образования. Пока нельзя сказать, что преемственность в реализации поликультурного и многоязычного образования полностью выстроена и соблюдается, есть еще потенциал для улучшения. Кроме того, еще необходимо дорабатывать нормативно-правовую базу, наращивать и далее потенциал образовательных органов управления и соответствующих структур в едином понимании и подходах к данному вопросу, работать над устойчивостью образовательной политики и процессов в этой сфере, решать насущные проблемы с нехваткой учебно-методических материалов, нехватки и несоответствия педагогических кадров, отвечающих критериям современного поликультурного и многоязычного образования.

В условиях активизации различных организаций, пытающихся манипулировать, в некоторых случаях с недостаточно образованной молодежью, большая доля ответственности за формирование принципов, ценностей и убеждений сегодняшних молодых людей, ложится на плечи каждого, кто задействован так или иначе в образовательной политике страны. От гражданской позиции каждого из нас зависит, послужит многообразие поводом для разъединения, или обернется возможностью культурного взаимообогащения, духовного и ментального роста, выхода за рамки стереотипного восприятия себя и мира.

Литература

1. Eva Hoffmann. Lost in translations: Life in a New Language, 1989.
2. Ana Menendez. Are we different people in different languages? On being a multilingual writer in the 21st century [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://lithub.com/are-we-different-people-in-different-languages/>
3. Гаагские рекомендации о правах национальных меньшинств на образование. Офис Верховного Комиссара ОБСЕ по делам национальных меньшинств. Гаага, октябрь 1996.
4. Концепция поликультурного и многоязычного образования в Кыргызской Республике /Разработана и издана Министерством образования и науки Кыргызской Республики при поддержке Верховного Комиссара ОБСЕ по делам национальных меньшинств. – Бишкек, 2009.
5. Глоссарий терминов рынка труда, разработки стандартов, образовательных программ и учебных планов. Европейский фонд образования (ЕФО), 1997.

Керімбай А.С.

Silkway халықаралық университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы
as_kerimbai@mail.ru

МИОФУНКЦИОНАЛЬДЫ ТЕРАПИЯ – ЛОГОПЕДИЯДАҒЫ ЖАҢА ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БАҒЫТ

Аннотация

Миофункциональды терапияның логопедия саласында қолданудың тиімді тараптары анықталады. Миофункционалды бұзылулар анықталған кезде балаларды диагностикалау мен емдеуге пәнаралық көзқарас қажеттілігі негізделеді. Логопедияда миофункциональды терапияны қолдану арқылы сөйлеу тілі бұзылыстарын, тіс – жақсүйектерінің түрлі бұзылыстарын болдырмауға, тыныс алу және ас қорыту жүйелерінің түрлі ауруларын ерте жастан алдын-алуы туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: миофункциональды терапия, логопедия, дыбыстарды айтудың бұзылуы, артикуляциялық жаттығу, кезіндегі тісаралық сигматизм, еріндік-тістік сигматизмдер мен парасигматизмдер.

Көптеген жылдар бойы дамып келе жатқан орофациальды миология слогопедияда миофункционалды терапия ретінде белгілі. Миофункциональды терапия – сөйлеу аппаратында сүйек-бұлшықеттерінің бұзылыстарын және патологиялық дағдыларды өзгертуге бағытталған шаралар жүйесі. Соңғы жылдары ортодонтиялық, стоматологиялық, тыныс алу және сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар саны айтарлықтай өсу үстінде. Бұл бұзылыстардың барлығы өзара тығыз байланысты екені анықталды. Қазіргі уақытта логопедтердің, ортодонттардың, остеопаттардың, балалар неврологтарының және ЛОР дәрігерлердің бірлескен жұмысы арқылы ерте жастағы балалардағы орофациалды бұзылыстардың алдын-алуға болатыны дәлелденген.

Миофункциональды терапияны логопедтер алғаш бірқатар елдерде 1970 жылдан бастап, осы мәселелерге арналған кітаптар мен ғылыми мақалалар жариялағаннан кейін қолдана бастады. Осылайша, 1972 жылы Америка Құрама Штаттарында Орофациальді Миологияның Халықаралық ассоциациясы (IAOM), сондай-ақ орофациальді миология саласында оқудан өткен логопедтерді біріктіретін бірінші қауымдастық пайда болды, ал 1975 жылдан бастап осы салада арнайы ғылыми зерттеулер жарияланатын орофациальді миология мәселелеріне арналған халықаралық журнал (IJOM) шығарылды. 2014 жылы 26 маусымда Перудің Лима қаласында орофациальды миология мәселелеріне арналған ғалымдар кездесуі өтті, бұл кездесуде Sociedade Portuguesa de Terapia da Faja (SPTF) директоры Рикардо Сантос және Франклин Сусанибар, Comunidad de Motricidad Orofacial Latinoamericana (CMOL) директорларының қолдауымен жыл сайын 17 ақпанда аталып өтілетін, доктор Ирэн Марчесанның және Sociedade Brasileira de Fonoaudiologia (SBFa) академиялық қоғамдастық директорының бастамасы бойынша орофациалды және миофункционалды ғылымдардың халықаралық күні орнатылды. Бұл кездесуге Колумбия, Чили, Аргентина, Бразилия, Перу, Эквадор, Панама, Мексика, Америка, Португалия және Испания сияқты елдердің өкілдері қатысты [1].

Миофункционалды терапия денсаулық мәселелерінің кең ауқымдағы ауруларды емдеуде пайдаланылады, олар тыныс алу жолдарының ауруларынан бастап, бас ауруы, ТЖМЖ дисфункциясы, нашар ас қорыту, тіс-жақсүйектерінің бұзылыстары, бет бұлшықет жұмыстарының нашарлауы және т.б. Миофункционалды терапия –

бұлшықеттерді "қайта оқыту" немесе пероральді және бет бұлшық еттерінің физиологиялық қалыптарын қайта құру болып табылады. Емдік іс-шараларға бет және тіл бұлшық еттері үшін және тілдің дұрыс жағдайын ұстау әдеттерін қалыптастыруға, тыныс алуды жақсартуға, шайнау және жұту процестерін дұрыстауға арналған жаттығулары кіреді. Бұл терапия сондай-ақ, әжімдер мен бет бұлшықеттерінің салбырап тұруынан құтылу мақсатында бет пластикалық хирургиясына балама немесе оны толықтырушы болып табылады.

Осы орайда миофункциональды терапияның логопедия саласында қолданудың тиімді тараптарына тоқталсақ. «Ауыздың маңызы зор» атты кітаптың авторы Кэрол вандер-Стозп осы терапияның АҚШ-ғы негізін салушы, осы терапияны қолдану арқылы көптеген сөйлеу тілінің және артикуляциялық аппарат бұзылыстарын алдын-алып қана қоймай тыныс алу, ас қорыту, дұрыс ұйықтау, омыртқаны дұрыс тік ұстауды қалыптастыруға болатынын зерттеп дәлелдеген [2].

Миофункционалды терапия ауыз қуысы мен тілді ғана емес, барлық бет, бас пен мойынның бұлшық еттерін қозғайды. Ол мұрын арқылы дем алуға және тыныштық күйде тілді таңдайда дұрыс ұстауға үйретеді. Терапия барысында сіз барлық бет бұлшық еттеріңізді жаттықтырасыз, денені тік дұрыс ұстау (осанка) және шайнаумен жұмыс істейсіз.

Балада сөйлеу қызметінің қалыптасуы көп жағдайда туа және жүре пайда болған анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерге байланысты. Сөйлеуге қатысатын жүйелер негізінде тыныс алу және шайнау жүйелері. Тыныс алу мүшелерінен басқа, дауыстық аппаратқа вибраторлар (дауыстық байламдар), резонаторлар (көмей, ауыз қуысы және мұрын) және артикуляторлар кіреді, олардың ішіндегі ең маңыздысы – тіл, ерін, тістер, төменгі жақ және жұмсақ таңдай, дыбыстардан буындар мен сөздер құрайды. Осы артикуляторлардың қайсысы сөйлеу бұзылысына әсер ететіндігіне байланысты дислалиялар палаталық, лингвалды, дентальды және лабиальды болып жіктеледі. Палатолалия – таңдай патологиясымен байланысты сөйлеу бұзылыстары; глоссолалиялар – тіл мөлшерінің ауытқулары немесе оның функцияларының бұзылуы; дентоолалия-тістің формасының немесе жағдайының ауытқулары [3].

Бірақ дыбыстарды айтудың бұзылулары тек тіс – жақсүйек деформацияларымен ғана емес, 60% - дан астам жағдайда дыбыс айтудың бұзылуы миофункциональды ауытқулармен, яғни бұлшық ет және жақ-бет аймағының жұмсақ тіндері функциясының бұзылуымен байланысты. Бұл ауытқулардың себептері әртүрлі - физиологтардың пікірінше, олар баланың жас ерекшеліктеріне байланысты. Физиологиялық тұрғыдан мұндай бұзылулар тіл мен еріннің бұлшық ет белсенділігінің жоғарылауы немесе төмендеуі, сондай-ақ шайнайтын бұлшықеттердің ассиметрия жұмыстары сияқты көрінеді. Бет бұлшықетінің электромиографиялық зерттеулері жалпы бет бұлшықеттерінің белсенділігінің жиынтық көрсеткіші тұрақты екенін және шайнайтын бұлшықеттер белсенділігінің жеткіліксіздігі әрдайым мимикалық бұлшықеттер мен тіл бұлшықеттерінің белсенділігінің ұлғаюымен компенсацияланатынын анықтады. Сондықтан миофункционалды бұзылулар анықталған кезде балаларды диагностикалау мен емдеуге пәнаралық көзқарас қажет. Миофункционалды түзету үшін әртүрлі жеке құрылғылар стоматолог немесе ортодонт, сондай-ақ логопедпен тағайындалуы мүмкін. Олар жақ-бет аймағында миодинамикалық тепе-теңдікті қалпына келтіруге ықпал ететін, әр түрлі вестибулярлы пластинкалар, сондай-ақ ерін мен тілдің позициясын және белсенділігін түзететін балаларға арналған силикон трейнерлері.

«Р» дыбысының айтылуының бұзылуы

«Р» Дыбысының айтылу бұзылысы тілдің қысқаруы, жақ тарылуы, терең тістеу, ұшының қозғалуы мен тіл жиегінің бұзылуы кезінде байқалады. Бұл балаларда жиі

сколиоз және мойын бұлшық еттерінің әлсіздігі байқалады. Бес жастан кіші балаларға логопед моншағы бар вестибулярлық пластинканы пайдалануды тағайындай алады. Онымен тіл бұлшық еттерінің жаттықтыруға тиімді болады. Қажет болған жағдайда (ортодонт және хирург-стоматологтың бағыты бойынша) 2±2,5 жаста тілдің үзеңгісін кесу пластикасы жүргізіледі. Бес жастан кейінгі балалар үшін алдын алу жаттықтырушысын қолдану арқылы белсенді жаттығулар ұсынылады - силикон тренажерінің маркер тілін бүгіп тістеу арқылы бала тілдің барлық бұлшық еттерінің теңдестірілген жұмысына үйренеді, сондай-ақ шайнайтын бұлшықеттің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

«Т» және «Д» дыбыстарын айту кезіндегі артикуляциялық қалып

«Т» дыбысын айту үшін төменгі жақтың дыбысын шығаратын тілдік-таңдай жапқышының жарылысымен бір мезгілде тартылады. Бұл дыбысты айтылу бұзылуы мынадай бұзылуларда кездеседі: ашық тістеу; тілдің жоғары қозғалуының бұзылуы (тіл бұлшық етінің гипотонусы); дұрыс жұтылмаған кезде тістер арасында тіл салу (тіл бұлшық етінің гипертонусы).

Бес жасқа дейінгі балаларға логопедпен сабақтардың тиімділігін арттыру үшін тіл үшін тірелген (жапқышпен) пластинканы пайдалану ұсынылады. Пластинканы күніне бір сағат киіп, екінші аптадан бастап түнде кию керек. Логопедпен сабақ алдында 20-30 минут бойы тілді көтеретін бұлшық еттердің жаттығуымен айналысу қажет. Ол үшін моншақпен немесе трейнермен пластинка пайдаланылуы мүмкін. Трейнерде моншаның рөлін маркерлік тіл атқарады – оны тілдің ұшымен төмен қарай бұғу керек. Мұндай жаттығуды үйде күніне 1 рет өткізген жөн. Бес жасқа дейінгі балаларға ашық тістеуді түзету үшін Стоппи пластинкаларын түнгі киюді, бес жастан асқан балаларға – трейнерді түнде және күніне 1 сағат пайдалану тиімді: «Ш» және «Ж» дыбыстарын айту кезіндегі артикуляциялық қалып.

«Ш» және «Ж» тілдік-алдыңғы дыбыстар тобына жатады. «Ш» дыбысына келесі артикуляция тән. Ерін алға шығыңқы, олардың арасы, сондай-ақ жоғарғы және төменгі тістердің арасы 5-7 мм ашық. Қатты таңдай мен тіл арасында саңылау пайда болады, тілдің бүйір шеттері жоғарғы шайнайтын тістерге тиеді, ал тілдің кеңейтілген шеті көтеріледі, бірақ қатты таңдаймен жанаспайды. «Ж» дыбысын айту барысында артикуляциялық күй бірдей болады, бірақ тіл қатты таңдайға қарай жоғары көтерілді. «Ш» және «Ж» дыбыстарын бұрмалау себептері: терең тістеу, прогнатия, тістің тілдік көлбеуі, тіл мен еріннің шектеулі қозғалысы.

Артикуляциялық жаттығуды моншағы бар вестибулярлық пластинканы пайдалана отырып жүргізеді. Балаға еріндермен пластинканы ұстап тұру ұсынылады, ал логопед күшпен оны сақинадан тартып алып тасталғандай созады. Бұл ауыздың айналмалы бұлшық еттерін ынталандырады және тістің тілдік көлбеуін түзетеді. Келесі кезеңде тапсырманы күрделендіруге болады, балаға бір мезгілде моншақты тілмен айналдыруды ұсынады. Логопедтер 5 жасқа дейінгі балаларға күнқағары бар вестибулярлы пластинканы, ал бес жастан асқан балаларға - трейнерді түнде киюді ұсынады [4].

«С» және «З» дыбыстарын айту кезіндегі артикуляциялық қалып

«С» және «З» дыбыстары тілдік-тіс дыбыстар тобына жатады. Осы дыбыстарды айтқанда жоғарғы және төменгі тістер шамамен 1-1,5 мм-ге жақын орналасқан және бір алдыңғы жазықтықта немесе төменгі жақ сәл лингвалды орналасқан. Тіл орта бөлігінде көтеріңкі, кеңейтілген. Тілдің ұштары төменгі тістерге тіреледі, ал оның бүйірлері жоғарғы бүйір тістерінің таңдай бетіне жанасады. Тіл арқасының ортасында бойлық V-тәрізді науа пайда болады. Ауа ағысы, соңғысынан өтіп, айқын ысқылау дыбысын құрайды. «З» дыбысының пайда болуы тілдің арқасының қатты таңдайға аздап көтерілген және дауыстық байламдардың дірілдеуі мен артикуляциялық дыбыс қысымымен ерекшеленеді. «С» және «З» дыбысының анықтығы мен тазалығы осы дыбыстар айтылғанда жоғарғы және төменгі тістер

арасындағы саңылау — сөйлеу аралығының еніне байланысты. Егер саңылау кең болса, онда үнсіз дыбыс анық емес, жарқыраған шулы болады.

«С» және «З» дыбыстарының айқындығының бұзылуы бірнеше себептерге байланысты: Еріндік-тістік сигматизмі (ысқырғыш дыбыстардың дұрыс айтылу бұзылуы) мынадай механизммен сипатталады: тіл «с» дыбысына орнатылады, ал төменгі ерні жоғарғы тістерге тартылып, сөйлеу аралығын "деформациялайды". Тісаралық сигматизм кезінде тіл жоғарғы және төменгі тістердің арасында орналасады және ысқырық реңінің орнына акустикалық ызың қалыптасады. Тістік сигматизм үшін тілдің ұшы жоғарғы тістерге тіреліп, ауа ағысының шығуын жабады.

Дыбыс айтылуының бұзылу себептері: ашық тістеу, айқас тістеу, тілдің қозғалуының қиындауы (қысқа үзеңгі), ауызбен тыныс алу, тілді төменгі жаққа ұстай отырып жұтқан кезде.

Ауызбен тыныс алу кезінде тілдің төмен орналасуының нәтижесінде, оның артқа және төмен жылжуы әлсіреп, балада ауыз қуысының диафрагмасы бұзылады, соның салдарынан сөйлеу артикуляциясы бұзылады. Бес жасқа дейінгі балаларға логопедиялық түзету үшін түнде ұйқы кезінде тілге арналған жапқышы бар пластинкаларды пайдалану, сондай-ақ 15 минуттан күніне 2-3 рет моншағы бар пластинканы қолдана отырып, белсенді жаттығу ұсынылады. Моншақпен Пластинка тілдің қимыл бұлшық еттерін дамытуға көмектеседі. Мұндай сабақтар барысында (күніне 2-3 рет 10 минуттан) тілдің барлық бұлшық еттері тиімді жұмыс жасайды, таңдай жұмсақ тіндерінің сезімталдығы жақсарады, сонымен қатар ауыздың дөңгелек бұлшық еті де жаттығады, бұл тыныс алу мен фонация мұрын типтерін қалыпқа келтіру үшін өте маңызды.

Егер бала жұтыну мен кейбір дыбыстарды айту кезінде тістердің арасына тіл салса, бұл тек қана сөйлеуге ғана емес, тістің бұзылуына да әкеледі. Тіл бұлшықеттерінің тұрақты қысымы тістердің протрузиясына (сыртқа еңкеюі) әкелуі мүмкін және балада ашық тістеу қалыптастыру мүмкін, ол өз кезегінде логопедке ысқырық және ызың дыбыстарды дұрыс қоюға мүмкіндік бермейді.

